

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің  
"Қарой бастауыш мектебі" коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі**

**Қарой бастауыш мектебінің  
2022-2023 оқу жылына  
арналған оқу-тәрбие жұмыс жоспары**

Педагогикалық кеңесінде  
бекітілді «26» тамыз 2022 ж.  
мектеп меңгерушісі:



Г.Мыкиянова

**Қарой бастауыш мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс  
жоспары**

**Мазмұны**

**I ТАРАУ**

**1. Жылдық жұмыстың талдауы**

**II ТАРАУ**

**1. Мектептің жалпыға бірдей білім беруді іске асыру әрекетін  
ұйымдастыру.**

**III ТАРАУ**

**Педагогикалық кадрлармен жұмыс.**

1. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс.
2. Педагогикалық кадрларды аттестаттау.
3. Педагогикалық кеңес жұмысының жоспары.
4. Әдістемелік жұмыс.

**IV ТАРАУ**

**Оқу-тәрбие үрдісіне басшылық.**

1. Еңбексүйгіштікке және Отаншылдыққа тәрбиелеуді дамытуды іске асыратын іс-шаралар.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары.

**V ТАРАУ**

**Тәрбие жұмысының жоспары.**

**VI ТАРАУ**

**Ата-аналармен және жұртшылықпен жұмыс.**

1. Ата-аналар үшін жаппай оқу.

**VII ТАРАУ**

**Материалдық-техникалық базаны нығайту және ұйымдастыру-шаралық жұмыс.**

**ҚОСЫМШАЛАР**

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының жоспары.
2. Мектепшілік бақылау жоспары

## **Қарой бастауыш мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы атқарылған оқу-тәрбие жұмысына талдау.**

### **1.Жалпы мәлімет.**

Қарой бастауыш мектебі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Қарой ауылында орналасқан. Ғимараттың ашылған уақыты 2012 жылдың қараша айы. Мектепте 2 жоғары білімді мұғалімдер және 1 жоғары білімді тәрбиеші қызмет атқарды. Олардың екеуі педагог-зерттеуші, біреуі санатсыз тәрбиеші. 2021-2022 оқу жылында 2 сынып, 1сынып комплектісі. Оқу жылын 3 оқушы 100 % сапа көрсеткішімен аяқтадық.

Мектептің материалдық техникалық базасы заманауи талапқа сай. Мектепте 254 дана оқулықпен, 46 дана әдеби кітаптармен жабдықталған. Оқу кабинеттерінің саны-2.

### **2.Оқу үрдісінің қортындысы.**

2-4 сыныптар бойынша жыл басында 5 оқушы болды, оқу жылын 3 оқушы аяқтады. Олардың 2- оқушысы оқу озаты болды. Білім сапасы 100%.

Жаңа оқу жылында да пән мұғалімдері оқушылардың білім, білік дағдыларын дамыту және тиянақтау жолындағы жұмыстарын арттыруы қажет.

Біздің ұжымымыз: **«Жас ұрпақты тәрбиелеуде білім мазмұнын жаңарту арқылы Қазақстанның болашағы білімді, зерделі, жан-жақты тұлғаны қалыптастыру»**

тақырыбын басшылыққа алып еңбек етуде. Жас ұрпақты тәрбиелеуде білім мазмұнын жаңарту арқылы Қазақстанның болашағы зерделі тұлғаны қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүзеге асырылды.

**Қолданбалы және таңдау сабақтарының жүргізілуі туралы мәлімет.**

2-4 сыныптарда «Логика», «Тіл әлемі» 1 сағаттан бөлінді.

Сабақтар, таңдау сабақтары уақытында кесте бойынша жүйелі түрде жүргізіліп отырды. Оқу әдістемелік кешендері бағдарламасы, сабақ жоспарлары тиісті деңгейде жасалынды.

Жаңа оқу жылының басында мектеп ұжымы «2021-2022 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатымен танысты және негізге алды. Пәндер бойынша бағдарламалар оқу үрдісінің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Білім беру міндеттері Мемлекеттік стандарт негізінде жасалып, оқу бағдарламасы, оқу жоспары арқылы іске асырылды. Осы мақсаттардың орындалуы үшін, басты жағдай әр сабақта әр баланың мүмкіндігі мен қабілетін ескеру.

### Соңғы үш жылдағы педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы

| Жылдар    | Мұғалім саны | Білімі |              |      | Санатын көтерген мұғалімдер |   |    | Санатсыз |
|-----------|--------------|--------|--------------|------|-----------------------------|---|----|----------|
|           |              | жоғары | Арнаулы орта | орта | жоғары                      | I | II |          |
| 2019-2020 | 3            | 3      |              |      | 2                           |   |    | 1        |
| 2020-2021 | 3            | 3      |              |      | 2                           |   |    | 1        |
| 2021-2022 | 3            | 3      |              |      | 2                           |   |    | 1        |

Мектеп мұғалімдері кәсіби біліктілігін арттыру курстарына уақытымен жіберіліп отырады

#### Оқу жылын аяқтау шаралары.

##### 2021-2022 оқу жылы

| Тоқсан  | 1 тоқсан | 2 тоқсан | 3 тоқсан | 4 тоқсан | Жылдық |
|---------|----------|----------|----------|----------|--------|
| "5"     | 1        |          | 2        | 2        | 2      |
| "4"     | 3        | 3        | 3        | 3        | 3      |
| "3"     | -        | -        | -        | -        | -      |
| "2"     | -        | -        | -        | -        | -      |
| Үлгерім | 100%     | 100%     | 100%     | 100%     | 100%   |
| Сапа    | 100%     | 100%     | 100%     | 100%     | 100%   |

#### Ұсыныс:

- 1.Пән мұғалімдері жекеленген оқушылардың мүмкіндіктерін ескеріп, жекелей жұмыстар ұйымдастыру, қосымша сабақтар беру.
- 2.Оқушылардың білімдерін нақты бағалау нормасын қатаң сақтау.
- 3.Әр пән мұғалімі терең білім беру жолында ізденіс жасап, жұмыстар жүргізу.
4. Үлгерімі төмен және қабілетті оқушылармен жекелей жұмыстар ұйымдастыру барысында деңгейлеп оқыту технологиясының элементтерін қолдана отырып, білім сапасы мен пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға үнемі көңіл бөлу.

Білімді ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздар қауымына жауапты міндет жүктеледі. Міне,осындай жауапкершілікті жете сезініп жұмыс істеу ұстаздар қауымы алдындағы зор міндеттердің бірі.Елдің даму мүмкіндігі ең алдымен сол елдің азаматтарының білімімен өлшенетін ескеріп, келешекте де оқушылардың білімін нақты бағалауға, мүмкіндіктерін жіті ескеруге көңіл бөлу керек.

## **2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕР:**

- Оқушылардың жоғары шығармашылық және интеллектуалдық потенциалы мен мұғалімдердің жоғары кәсіби біліктілігінің шығармашылық және зерттеушілік іс-әрекетте толық қолданылмауы.
- Біліктілігін арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің іс-тәжірбиесін жинақтау және насихаттау шараларының жүргізілмеуі.

### **2022-2023 оқу жылына міндеттер:**

- Білім алушылардың білімін толықтыру
- Оқу жүктемесі төмендетілген ҰОЖ-ын жүзеге асыру
- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасы мен қамтамасыз ету
- Цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау
- Білім беру үрдісін демократияландыру, ізгілендіру және ұлттық құндылықтарға бағыттап құру.
- Негізгі пәндер бойынша сапалы білім деңгейін қамтамасыз ететін білім стандарттарын орындау.
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығы бойынша қалыптастырып дамыту.
- Мектеп оқушысы мен тұлғі үлгісі негізінде Қазақстан Республикасының азаматы мен патриотын тәрбиелеу

## II ТАРАУ

### 1. Мектептің жалпыға бірдей білім беруді іске асыру әрекетін ұйымдастыру

| №  | Жұмыстың мазмұны                                                                                                                           | Мерзімі                     | Жауапты                                                               |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|-----------------------------------------------------------------------|
| 1  | «Білім беру ұйымдарына қабылдау және тіркеу» мемлекеттік қызметін көрсету арқылы 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау (Е-GOV мемлекеттік порталы) | 01.07-01.08.2022            | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г.                                    |
|    | Алфавиттік кітапты, оқушылардың келу/кетуіне арналған бұйрық кітабын жүргізу                                                               | 05.09.2022дейін             | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г.                                    |
|    | «Мектепке жол» республикалық акциясына қатысу                                                                                              | 01.08-30.09.21              | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г.                                    |
|    | 2022-2023 оқу жылына арналған сынып комплектісін оқу жоспарына сай ұйымдастыру                                                             | Қыркүйек                    | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г.                                    |
| 2  | 0-18 жасқа дейінгі мөлтек ауданның балаларының есебін жүргізу, тізімін әзірлеу ауылдық әкімге бекітісу                                     | Қыркүйек,<br>қараша, наурыз | Мыкиянова Г<br>Алимханова С<br>Қыдырмоллаева А                        |
| 3  | Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету                                                                                                        | Тамыз                       | Мыкиянова Г<br>Алимханова С                                           |
| 4  | Сабақты себепсіз босату, кешігу, кетіп қалу, мектепті себепсіз тастап кетуге жол бермеу<br>Күнделікті бақылау жұмысын күшейту, қадағалау   | Үнемі                       | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г,<br>Сынып жетекшісі<br>Алимханова С |
| 5  | Оқушыларды әрбір сабақта дене жаттығуларын немесе сергіту сәтін өткізілуін қадағалау                                                       | Үнемі                       | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова<br>Сынып жетекшісі                    |
| 6  | «Kundelik»-электронды журналының жүргізілуін қадағалау                                                                                     | Үнемі                       | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г                                     |
| 7  | Формативті бағалаудың өткізілуін қадағалау                                                                                                 | Үнемі                       | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г                                     |
| 8  | Оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жасалуын қадағалау                                                  | Тоқсан сайын                | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г                                     |
| 9  | Мектеп құжаттарының нұсқаулыққа сай жүргізілуін қадағалау                                                                                  | Үнемі                       | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г                                     |
| 10 | Тоқсанына 1рет әр оқушының тұрмыс жағдайымен танысып, күн тәртібінің орындалуын бақылау                                                    | Қазан<br>Желтоқсан<br>Ақпан | Сынып жетекшісі<br>Алимханова С                                       |
| 11 | Оқушылардың денсаулығын                                                                                                                    |                             | ФАП медбикесі                                                         |

|    |                                                                                                                   |               |                                                                    |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|--------------------------------------------------------------------|
|    | дәрігерлік<br>бақылаудан өткізіп отыру                                                                            | Жыл көлемінде |                                                                    |
| 12 | Барлық пәндер бойынша оқу<br>бағдарламасының толық орындалуын<br>қамтамасыз ету, қадағалау                        | Жыл көлемінде | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г                                  |
| 13 | Оқушылар білімінің білім<br>стандартына сай болуын бақылау                                                        | Жыл көлемінде | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г                                  |
| 14 | Дәстүрлі форматта білім алатын<br>оқушылар үшін санитарлық-<br>эпидемиологиялық талаптарды<br>сақтауды қадағалау. | Үнемі         | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова<br>Сынып жетекшісі<br>Алимханова С |
| 15 | Оқушылардың жазғы демалысын<br>ұйымдастыру                                                                        | Маусым        | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова<br>Сынып жетекшісі<br>Алимханова С |

### **Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру**

**Мақсаты:** Оқу-тәрбие жұмысының орындалу сапасын пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің білім, білік және әдістемелік деңгейіні оқушылардың білімді меңгеруі мен тәрбиелік деңгейін, педагогикалық үдерістің дамуы мен нәтижелілігін басқару мен ұйымдастырудағы пән бойынша жұмыс жүйесін бақылау.

| № | Жұмыстың мазмұны                                                                                                  | мерзімі      | Жауапты                                       |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-----------------------------------------------|
| 1 | Диагностикалық жұмыстарды<br>үнемі жүргізу, нәтижесін<br>талқылау (тоқсандық оқу<br>қортындысы, тәрбие деңгейі)   | Тоқсан сайын | Мыкиянова Г<br>Алимханова С<br>Қыдырмолаева А |
| 2 | Мектептегі әдістемелік<br>бірлестіктің<br>жетекшісін тағайындау                                                   | Тамыз        | Мектеп<br>меңгерушісі<br>Мыкиянова Г          |
| 3 | Мектептің педагогикалық<br>кеңесінің шешімі негізінде<br>мектеп оқушыларының келу<br>күнін 5 күндікке ауыстырылуы | Тамыз        | Мектеп<br>меңгерушісі<br>Мыкиянова Г          |
| 4 | ҚР БҒМ 2021 жылғы 27<br>шілдедегі №368 бұйрық негізінде<br>сабақ уақытының ұзақтығы 45<br>минут                   | Тамыз        | Мектеп<br>меңгерушісі<br>Мыкиянова Г          |
| 5 | 1-ші сыныптардың оқу<br>сабақтарының режимі қыркүйек<br>айында 35 минуттан өткізілуін<br>қадағалау                | Қыркүйек     | Мектеп<br>меңгерушісі<br>Мыкиянова Г          |

|    |                                                                                                                                                  |                 |                                               |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|-----------------------------------------------|
| 6  | Нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану, жылдық жоспарына мектептің өзекті тақырыбын негізге алып жоспарлау | Қыркүйек        | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г             |
| 7  | 1-2-3сыныптарды жаңа буын оқулықтармен толықтыру                                                                                                 | Жыл көлемінде   | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г             |
| 8  | Пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, білім сапасына көңіл бөлу. Мұғалімдердің жаңа технологияларды қолдану деңгейіне бақылау жасау            | Үнемі           | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г             |
|    | БЖБ,ТЖБ кестелерін бекіту                                                                                                                        | Қыркүйек        | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г             |
|    | Пән бойынша ТЖБ талдау                                                                                                                           | Тоқсанына 1 рет | Пән мұғалімдері                               |
| 9  | Оқушылар білімін тексеріп,талдау жасап, олқылықтарды түзету шараларын жүргізу.                                                                   | Жыл көлемінде   | Мектеп меңгерушісі<br>Мыкиянова Г             |
| 10 | Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жүйелі түрде жұмыс атқару,ата-аналармен жұмыс жүргізу                                                    | Жыл көлемінде   | Мыкиянова Г<br>Алимханова С<br>Қыдырмолаева А |



### III ТАРАУ

Педагогикалық кадрлармен жұмыс

#### 1. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс

| №  | Атқарылатын жұмыстар                                                                         | Мерзімі                 | Жауапты адам                |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|-----------------------------|
| А. | <b>Үгіт-насихат жұмыстары.</b>                                                               |                         |                             |
| 1. | Мектепке қажетті баспасөзге жазылу                                                           | Қыркүйек                | Мыкиянова Г                 |
| 2. | Мұғалімдерді және оқушыларды баспасөзге жазуды ұйымдастыру                                   | Қыркүйек                |                             |
| Ә. | <b>Әдістемелік жұмыстар, өз бетімен білімдерін көтеру</b>                                    |                         |                             |
| 1. | Әдістемелік бірлестік құру.                                                                  | Тамыз                   | Мыкиянова Г                 |
| 2. | Өз беттерімен білім көтеру жұмыстарын ұйымдастыруға консультация.                            | Қыркүйек, қаңтар, сәуір |                             |
| Б. | <b>Алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелерді тарату.</b>                                              |                         |                             |
| 1  | Пән апталықтарын өткізу.( Алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелерін насихаттау)                       | Өз уақытында            | Мыкиянова Г<br>Алимханова С |
| 2. | Тақырып бойынша ашық сабақтар өткізу.<br>(1-ашық сабақ)                                      | Тиісті уақытында        |                             |
| В. | <b>Мұғалімдер білімін жетілдіру.</b>                                                         |                         |                             |
| 1. | Бірлестікте бір мұғалімнің озық тәжірбиесін тарату<br>(буклет, альбом, қабырға газеттерінде) | Қазан, ақпан            | Бірлестік жетекшісі         |
| 2. | Курстардан өту                                                                               | Тиісті уақытта          | Пән мұғалімі                |
| Г. | <b>Мұғалімдерді аттестациялау</b>                                                            |                         |                             |
| 1  | Аттестациядан өтетін мұғалімдерден өтініш алу.                                               | Қыркүйек                | Мыкиянова Г<br>Алимханова С |
| 2. | Пәндер бойынша бақылау және тестік жұмыстарын алу.                                           | Наурыз                  | Қыдырмолаева А              |
| 3. | Өз есептерін тыңдау(пед кеңес)                                                               |                         |                             |

#### 2. Мектеп педагогикалық кадрларын аттестаттау.

Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау – педагогикалық қызметкерлердің кәсіптік деңгейінің біліктілік талаптарына, олардың лауазымдық міндеттемелеріне сай алдын ала әзірленген және критерийлерге сәйкестігін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім. Былайша алғанда емтихан тәрізді, мақсаты-педагогикалық еңбектің біліктілігін, кәсіптілігі мен сапасын арттыруға, шығармашылық еңбектің біліктілігін, кәсіптілігі мен сапасын арттыруға, шығармашылық бастаманы дамыту, сондай-ақ нарықтық экономика еңбекті саралай төлеу жолымен қамтамасыз ету. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ҚР «Білім туралы» заңымен көзделген.

Біздің мектеп педагогикалық кадрларды аттестаттауды жүйелі ұйымдастыру тәжірбиесі ҚР Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген ( №202 14 мамыр 2020жыл) осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережелеріне сүйенеді.

#### **Аттестаттау кезеңдері**

##### **Даярлық:**

-Мектеп педагогикалық кеңесінің аттестаттау комиссиясының бекітуі, түсіндіру жұмыстары.

##### **Аттестаттау**

-Педагогикалық қызметкерлердің практикалық қызметін сараптап,бағалау.

Аттестаттаудың екінші кезеңі ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережелеріне сәйкес өткізіледі.

#### **Мектеп аттестаттау комиссиясының міндеттері:**

Мұғалімнің арнаулы білімін,әлеуетін оның жалпы мәдениеттілік және психологиялық, педагогикалық деңгейін, шығармашылық қабілеттілігін бағалау.Аттестаттауға даярлық кезінде әдістемелік көмек көрсету. Норматив-құқықтық және аттестаттау үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету материалдарын зерделеу және жүйелеу

-Аттестаттаудан өтудің қолайлы,жайлы ұйымдастыру ісі мен психологиялық жағдайларын қамтамасыз ету.

#### **Мектеп аттестаттау комиссиясы хатшысының міндеттері:**

Аттестаттау іс қағаздарын жүргізу:

- мектеп аттестаттау комиссиясы отырысының ұйымдастыру, хаттамалар жазу
- аттестаттау барысы мен нәтижелерін ақпараттық қамтамасыз ету
- аттестаттау бойынша құжаттар банкін құру

Қарой бастауыш мектебінің аттестаттауға даярлық пен аттестаттауды өткізудің іс-шаралар жоспары. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау. Мақсаты: Педагогикалық еңбектің біліктілігінің сапасын арттыруға ынталандыру, сондай-ақ нарықтық экономикалық қарым-қатынас жағдайында еңбекті саралай төлеу жолымен педагогтардың қорғаныстылығын қамтамасыз ету.

### **3.Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары**

**Мақсаты:**Педагогикалық жүйені дамыту,оқу үрдісін және басқару жүйесін үйлесімді ұйымдастыру

| Мерзімі              | Қызмет мазмұны                                    | Есеп                            | Жауапты            | Қорытынды                      |
|----------------------|---------------------------------------------------|---------------------------------|--------------------|--------------------------------|
| 26 Тамыз<br>2022 жыл | <u>Педагогикалық кеңес 1.</u><br><u>Тақырыбы:</u> | 1.Білім беру қызметінің әртүрлі | Мектеп меңгерушісі | Педагогикалық кеңестің шешімі. |

|                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                           |                                                                       |                                         |
|-----------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|
|                 | <p><b><u>«Педагогикалық оқу үрдісін ұйымдастыру»</u></b></p> <p>1.2021-2022 оқу жылындағы мектептің педагогикалық ұжымының оқу-тәрбие жұмысын талдау.</p> <p>2.Мектептің жұмыс жоспарын бекіту.</p> <p>3.Нормативтік құжаттарды зерделеу.</p> <p>4.ОӘК қамтамасыз ету</p> <p>5.Сынып жетекшілігін бекіту</p> | <p>бағыттары бойынша жаңа 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің негізгі бағыттары мен міндеттерімен педагогикалық ұжымды таныстыру</p> <p>2.Әртүрлі</p> |                                                                       | Хаттама.                                |
|                 | <p>6. Шағын орталыққа тәрбиеленушілерді және 1-ші сыныптарға балаларды қабылдау туралы бұйрықпен танысу</p> <p>7. Мектеп тізімін бекіту</p>                                                                                                                                                                  | <p>Ұжымды сынып және бұйрық бойынша оқушылар тізімімен таныстыру</p>                                                                                      | Мектеп меңгерушісі                                                    | Педагогикалық кеңестің шешімі. Хаттама. |
| 02 Қараша 2022ж | <p><b><u>Педагогикалық кеңес 2</u></b></p> <p><b><u>Тақырыбы:</u></b> «Заманауи білім берудегі мектептің тәрбиелік рөлі»</p> <p>1.Білім алушылардың I тоқсандағы оқу қызметінің қорытындысын талдау</p> <p>2. 1-сынып оқушыларының жаңа білім беру жағдайларына</p>                                          | <p>Бастауыш және негізгі мектеп педагогтарының тәжірибе алмасуы, олардың өзара әрекеттесуі</p>                                                            | <p>Сынып жетекшілер</p> <p>Мектеп меңгерушісі</p> <p>С.Алимханова</p> | Педагогикалық кеңестің шешімі. Хаттама. |

|                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                       |                                                |                                            |
|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|--------------------------------------------|
|                    | бейімделуі                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                       |                                                |                                            |
|                    | 3. «Сыбайлас жемқорлықсыз ел - өркендеуші ел»<br>Баяндама                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                       |                                                |                                            |
